

# Жақыныңа жанашыр бол

Жанашыр болу адам бойындағы ең ерекше қасиеттердің бірі болып табылады. Әр адамның жақын жандары болады, бірақ тек туыстармен, достармен шектеліп қалмау керек. Біз барша қазақтарға, қандас бауырларға қамқор болып. Шамамыз келгенше қол үшін беріп, демеу болып құлағанда қолтығынан сүйетін медет бола білуіміз керек. Көпшіл болу, өзге жандамен жақсы қарым-қатынас жасау арқылы біз адами қасиетіміз жоғалпаймыз. Қазіргі заман бәсекелес болғандықтан ба қазақ қазақты көре алмайды. Біреуі көтерілсе аяқтан шалуға құлатуға асығады, бұл біздің өзімізді іштей күйреуге, құлатуға әкеліп соғады бірақ оны қазіргі қоғам адамдары түсінбейді. Ия қазіргі заман алдыға жылжу, даму бәсекелес бірақ біз іштей өз өзімізбен емес өзге дамыған дамушы мемлекеттермен бәсекелес бола білуіміз керек. Бірақ біз оны өз өзімізбен бәсекелес деп түсініп алғанбыз. Қазақ деген жесірін қанғыртпаған, жетімін жылатпаған. Әр қазақ менің жалғызым деп жақсылығын асырып, жамандығын жасырған ерекше ұлт едік. Заман өзгергенмен адамның болмысы мен адами қасиеті өзгермеу керек. Қазақ деген тамырын кең жайған ағаштың бұтағы сияқты. Үш жүзге бөлінсекте қанымыз бір, қазақ деген атымыз бір. Қазақ халқының саны аз болғандықтан бір-бірімізді жанашыр болып қорған бола білуіміз керек.